

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қыркүйектегі N 1137 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 тамыздағы N 1255

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар мен жеке басының куәліктерін айырбастау және беру процесін жеделдету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қыркүйектегі N 1137 Р961137\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 3, 357-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"паспорттар мен жеке басының куәліктерін сатудан арнаулы шотқа түскен қаражатты, 1998 жылдың аяғына дейін, республикалық бюджетте тиісті қаржылық жылға арнап белгіленген тәртіппен көзделген қаражаттан тыс, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің органдарын дамытуға пайдалануға рұқсат етсін".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі